



Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің шынайылығын растау жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 202 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1217 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1217 (ресми жарияланғаннан кейін 21 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы " 2003 жылғы 7 қаңтардағы, " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің шынайылығын растау жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 20 ақпандағы
N 202 қаулысымен
бекітілген

Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің шынайылығын растау жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары

1. Осы біліктілік талаптары электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің шынайылығын растау

жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға үміткер заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші) қолданылады.

2. Лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде мыналардың:

1) мәлімделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін операциялық жүйелермен, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарымен, сондай-ақ ақпаратты техникалық қорғау құралдарымен, жұмыс тәжірибесі бар білікті инженер-техникалық персоналдың;

2) куәландырушы орталықтың жұмыс істеуіне қажетті бағдарламалық-ақпараттық құралдарды орналастыру және пайдалану үшін арнайы үй-жайлардың;

3) куәландырушы орталықтың функцияларын жүзеге асыру үшін сертификатталған ақпараттық-бағдарламалық кешеннің;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 маусымдағы N 967 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында арнайы жедел-іздістіру шараларын жүргізуге арналған ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнаулы техникалық құралдарын әзірлеу, шығару, жөндеу және сату саласындағы қызметті лицензиялаудың тәртібі және біліктілік талаптары туралы ережесіне сәйкес берілген лицензияның;

5) мәлімделген қызмет түрлерін ұйымдастыру туралы толық және анық түсініктеме беретін ұйымдық-техникалық ұсыныстардың болуын қамтиды.

3. Мемлекеттік органдар үшін куәландырушы орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өтініш берушіге мынадай қосымша біліктілік талаптары қойылады, онда:

1) пайдаланылатын аппараттық-бағдарламалық кешендерге рұқсаты бар басшылар мен мамандарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге тиісті рұқсаты және Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдардың электрондық цифрлық қолтаңбасының жабық (құпия) кілттерімен жұмыстарды орындау машықтарының;

2) мәлімделген қызмет түрлерін жүзеге асыруға куәландырушы орталықта қажетті жағдайлардың болуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 619 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдаланумен, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасаумен, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізумен және (немесе) қызметтер көрсетумен байланысты жұмыстар жүргізуге рұқсат алу үшін ұйымдарға арнайы сараптама жүргізу және олардың басшыларын аттестаттаудан

өткізу ережесіне сәйкес өтініш игеруші ұйым басшысының және ол лицензияланатын қызметке басшылық жасауға уәкілеттік берген тұлғалардың кәсіби жарамдылығын растайтын арнайы сараптама материалдарының негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, жұмыстарды жүргізуге заңнамада белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаттың болуы болжанады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК